

## Қазақстан Республикасы кеден органдарының жұмысын жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 12 қыркүйек N 1112. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.03.18. N 257 қаулысымен. ~P990257

Бір жағынан Беларусь Республикасының, Ресей Федерациясының Үкіметтері мен екінші жағынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Кеден Одағы туралы келісімге қатысушылардың алдындағы бірыңғай кеден саясатын қамтамасыз ету, Кеден Одағы мүшелерінің экономикалық мүдделері мен ішкі нарқы жөніндегі міндеттемелерді қорғау Қазақстан Республикасының кеден органдарынан Кеден Одағының сыртқы шекараларын кедендік бақылауды қамтамасыз етуді талап етеді. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының кеден органдарын қажетті материалдық-техникалық құралдармен жарақтандыру. Кеден Одағы шеңберінде бірыңғай ақпараттық кеңістік құру талап етіледі.

1996 жылдың 7 айы ішінде мемлекеттік шекара арқылы өткен жүктегі 51781.44 мың тоннаны құрады, бұл 1995 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда жүктерді есепке алмай республиканың кеден аумағы арқылы транзитпен өтетіндерде 3.45 процентке көп, шекара арқылы жеке адамдардың өтуі (579,2 мың адам) 20 процентке көбейді. Транзиттік жүктер халықаралық талаптарға сәйкес міндетті ішінара кедендік тексеруге жатады, ал ол кеден бөлімшелерінің кәзіргі техникалық нашар жарақтануы жағдайында мүмкін болып көрінбейді.

1996 жылдың 7 айы ішінде контрабандалық тауарлар әкелу мен әкету, статистикалық деректерге сәйкес 1995 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,7 есе өсті. Есірткі заттар контрабандасы халықаралық жұртшылықтың негізді алаңдаушылығын туғызуда. БҰҰ (ЮНДКП) деректері бойынша, Қазақстан Республикасында есірткі заттар өндірісі үшін ТМД мемлекетінің бір де бірінде жоқ қуатты шикізат базасы бар. Тәуелсіз сарапшылардың бағалаулары бойынша, Шу алқабында өсетін сорадан ғана 5000 тонна марихуана жасауға болады. ТМД елдері мен алыс шет елдер "қара базарларына" есірткі заттарды экспорттаушы болып табыла отырып. Қазақстан бұрынғы советтік кеңістіктегі аумағы арқылы, есірткілер ТМД және Батыс Европаға транзитпен тасымалданатын негізгі республиканың біріне айналғаны айрықша алаңдаушылық туғызады. Өйткені Қазақстанның шекарасы іс жүзінде "ашық".

Қазақстан Республикасының экономикалық мүддесін қорғау, республиканың

кеден шекарасы арқылы тауарларды заңсыз әкету мен әкелуді және кеден ережесін бұзуды болдырмау жөніндегі Кеден Одағы туралы міндеттемені орындау мақсатында, республикалық бюджетке кеден төлемдерінің түсуін арттыру және кеден органдарының материалдық базаларын нығайту мақсатымен Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті Экономика министрлігімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде жеке адамдардан кеден төлемдердің өндіріп алу жүйесін қайта қарасын және "Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың тауарлар, соның ішінде әрі көлік құралдарын өткізуінің тәртібі туралы" Үкіметтің 1995 жылғы 2 қарашадағы N 1440 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 34, 434-құжат) қажетті өзгертулер енгізсін.

2. Қазақстан Республикасының Кеден комитетіне Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің бюджеттік банкінде қазынашы жұмсауға құқығы жоқ "Тапсырмалар бойынша сомалардың" ағымдағы шотын ашуға және кейіннен республикалық бюджеттің кірісіне аудару арқылы, мемлекет меншігіне айналған, тәркіленген тауарларды, көлік құралдары мен өзге де заттарды сатудан түскен ақшаны 100 процент оған есептеуге рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджеттің кірісіне есептелген, аталған қаражатты толық көлемінде кеден органдарын ұстауға республикалық бюджетте көзделген жылдық бюджеттік қаражаттар шегінде, кеден органдарының материалдық-техникалық базасын дамытуға бағыттасын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қаржы-валюта бақылау комитеті, белгіленген тәртіппен, тәркіленген тауарларды сатудан түскен ақшаны есептеудің толықтығын және кеден органдарының материалдық-техникалық базасын дамытуға бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалуын бақылауды жүзеге асырсын.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қаржы министрлігімен және Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Информатикалардың проблемалары институтымен бірлесіп 1996 жылдың 15 қазанына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының кеден органдарын автоматтандыру жөніндегі жобаға 1996 жылы оларды ұстауға көзделген қаражат есебінен тендер өткізсін.

6. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті Сыртқы істер министрлігімен, Экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Кеден комитеті мен "СЖС" фирмасының арасындағы Келісімді жүзеге асыру жөніндегі "СЖС" фирмасының жұмыс нәтижелеріне талдау жасасын, қажет болған жағдайда аталған фирмамен Келісім шарттарын

қайта қарасын және 1996 жылдың 1 қазанына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК